Балалардың үйге қайтуы	**«Өнегелі 15 минут»** Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	**«Өнегелі 15 минут»** Ата-аналарға баланың тамақтануы туралы сөйлесу	**«Өнегелі 15 минут»** Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі туралы кеңес беру	**«Өнегелі 15 минут»** Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	**«Өнегелі 15 минут»** Демалыс күндерін сәтті өтуіне тілек білдіру

Тәрбиешілер: Бектасова К.
Ысқақ Г.
Әдіскер: _____ Атыгаева А.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: «Қошақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезені : 25.11-29.11.2024ж 4-апта

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 25.11.2024	Сейсенбі 26.11.2024	Сәрсенбі 27.11.2024	Бейсенбі 28.11.2024	Жұма 29.11.2024
Балаларды қабылдау	Сәлеметсіз бе! **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** –балаларды қабылдау барысында, балаларға қазақтың ұлттық аспабы — домбыраны таныстыру; Күй өнерінің ерекшелігін, маңызын түсіндіру; Балаларға музыкалық тәрбие беру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілікті ояту. Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу. Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) **Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі**				
	Көңілді әуен арқылы қабылдау	«Нейро жаттығулар»	«Көңілді таң» тілек айту арқылы қабылдау.	Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау.	«Көңілді таң» тілек айту арқылы қабылдау.
Ата-аналармен әңгімелесу, **Кеңесберу**	**Өнегелі 15 минут:** Ата-аналармен тәрбиеленушінің денсаулығы бойынша, үйдегі күн тәртібі туралы әңгімселесу, жыл мезгілдері бойынша балалар киіміне кеңес беру. «Апта дәйексөздері» тақтасымен таныстыру, балалармен әңгімелесуін ұсыну. **«Үлкенге құрмет-кішіге ізет»**				
	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы әңгімелесу	Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша кеңес беру.	Жеке гигиена дағды-ларын қалыптастыру туралы ата-аналар-мен әңгімелесу	Ата-аналарға арналған буклет-кеңес: «Дәрумендер»	Жеке гигиена дағды-ларын қалыптастыру туралы ата-аналар-мен әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (аз	**Дидактикалық ойын:** «Көкөністер мен жемістер» **Міндеттері:**	**Дидактикалық ойыны:** «Жалпыатауыната» **Міндеттері:** Заттардың айырмашылықтары мен	**Дидактикалық ойын** «Не қайда өседі» **Міндеттері:** Суреттерді, заттарды	**Дидактикалық ойын:**«Не өзгерді?»**Міндеттері:** заттардың сапалары	**Дидактикалық ойын** «Көкөністерді ата »

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру **Шарты:** қима қағаздармен, жемістер мен көкеністерді құрастыру. (құрастыру)	атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, **Шарты:** Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар (қоршаған ортамен таныстыру)	қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, өз ойын айтуға үйрету Шарты: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті. (сөйлеуді дамыту)	мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту **Шарты:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір - екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	**Міндеттері:** сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. **Шарты**:Дәруменні ң пайдасын айту, дәмін көру, көкөністерді атау. (Қоршаған ортамен таныстыру)
Ертеңгілік жаттығу	1) « Күншуақ ».Б.қ: аяқ иық кеңдігінде, қол жанда. 1- қолды жоғары көтеру, түсіру. 2- б.қ.к.(4-5 рет) 2) « Қолды айналдыр ». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде, қол иықта. 1- қолды алға, артқа айналдыру. 2- б.қ.к.(5-6 рет) 3) «Күштілер ». Б.қ: аяқ иық кеңдігінде,қолды екі жаққа созу. 1- шынтақты бүгіп оңға (солға) қимыл жасау. 2- қолды екі жаққа созу. 3- б.қ.к. (4-5 рет) 4) « Бел айналдыру ». Б.қ: қол белде. 1- белды оңға(солға) айналдыру. 2- б.қ.к.(4-5 рет) 5) « Сырғанау ». Б.қ: қолды еденге тигізіп, шалқадан жату. 1- оң жаққа жылжу.2- тоқтау. 3- сол жаққа жылжу. 4- б.қ.к (4-5 рет.) 6) « Отыру». Б.қ: н,т. 1- қолды алдыға созып, отыру. 2- б.қ.к.(5-6 рет) 7)« Секіру». Б.қ: н,т. 1- орнында тұрып секіру. 2- б.қ.к.(7-8рет) 8) Дем басу жаттығулары.				
Таңғыжаттығук ешені	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.				

	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі»**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету. Нан, шәй, май, ірімшік, сүт, ботқа, тамағыңды іш, ас болсын! Рахмет! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну»:** Балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету .				
	4-ші апта дәйексөзі: «Шыншыл болу – әділ болу.»				
Ұйымдастырылған іс-әрекеткедайындық	Балалар тәрбиешігебірлескен қызметті ұйымдастыруға көмектеседі, бір-бірімен өз әсерлерімен бөлісуге, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауға, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау жиналады				
	Дидактикалық ойын «Артығын тап» **Міндеттері:** Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу қалыптастыру, **Шарты:** Балалардың алдына жемістердің суреті бар конверт таратылады.Балалар суретті алып ненің артық екенін ажыратып табулары керек.. (қоршаған ортамен таныстыру.)	**Дидактикалық ойын:** «Салыстыру» **Міндеттері:** бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. **Шарты:** Тәрбиеші кіші-үлкен заттарды балаларға көрсетеді, балалар бір затты екінші затпен беттестіреді және жанына қою тәсілдері арқылы салыстырады,заттарды құрастырады. (математика	**Дидактикалық ойын:** «Жемістерді ата» **Міндеттері:** Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту **Шарты**: Балалар суретте көрсетілген жемістерді атайды (сөйлеуді дамыту)	**Ойын:**Ертегіні ата **Міндеттері:** мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. (сөйлеуді дамыту)	**Дидактикалық ойын:** **«Суреттен тап»** **Міндеттері:**Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау **Шарты:** Балалар суретте тірі және өлі табиғатқа жататын заттарды ажыратып атайды (сөйлеуді дамыту,)

		негіздері,құрастыру)			
Мектепке дейінгі ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)	**Қазақ тілі** **Дидактикалық ойын:** «Сөйлемді толықтыр» **Міндеттері:** Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.. **Шарты:** сөйлемді толық айтуға үйрету"Ағаштарда бір жапырақ қалмады, өйткені " "Аю қыста ұйықтайды, себебі " және т.б.	**Музыка** (Музыка нұсқаушысының жоспары бойынша) **Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)		**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)
	Дидактикалық ойын: «Мезгілді ата?» **Міндеттері:** Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды бояуды үйрету. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. **Шарты:** суретке қарап берілген жыл мезгіліндегі затты мүсіндеу; суретін салуды қайталай отырып,	**Дидактикалық ойын:** «Бұл қандай жеміс?» **Міндеттері:** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Шығармалар, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерін айтуға үйрету. **Шарты:** Тәрбиеші суретттен жемістерді көрсетеді,балалар дыбысты дұрыс айтады. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	**Дидактикалық ойын:** «Күз кереметі» **Міндеттері:** жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу, Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру **Шарты:** Күз мезгілінің ерекшелігін айтады.ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастып, ұжымдық композиция	**Дидактикалық ойын:** «Көкөністер мен жемістер» **Міндеті :** Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Құрастыру дағдыларын дамыту. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **Шарты:** Балалар жемістерді , көкөністерді мүсіндейді,қима қағаздардан	**Дидактикалық ойын**: «Шуақтар құрастыр» **Міндеттері:** Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды

	сюжеттік композициялар жасайды,қағаз бетіне жапсырады (Мүсіндеу,сурет салу ,жапсыру)		құрастырады,жапсырады (жапсыру,құрастыру)	құрастырады,суретін бояйды. (мүсіндеу,құрастыру сурет салу)	мүсіндеу.сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету **Шарты**.Қағаз қиындыларынан күннің шуақтарын құрастырып жапсырады,ермексаздан мүсіндейді,күннің суретін бояйды (жапсыру,мүсіндеу сурет салу)
2-ші таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу ас болсын! Рахмет! (**Сөздік минимум)**				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: (белгілі реттілікпен киінуге, киімніңдегі олқылықтарды байқауға баулу)				
Серуен	**Бақылау: Желбағытынбақылау** **Мақсаты:**Желдіңбағытын (қайжақтансоғыптұрғанын) байқауғаүйрету, табиғиқұбылыстарғақызығушылығынарттыру. **Еңбек: Жапырақжинау** **Мақсаты:**Еңбекәрекетіне ебелсендіқатысуға,	**Бақылау: Құстарды бақылау** **Мақсаты:** Құстардың мінез-құлқын, қозғалысын бақылау арқылы танымдық қабілеттерін дамыту. **Еңбек: Жем шашу** **Мақсаты:** Құстарға қамқорлық жасауға, табиғатты аялауға	**Бақылау: Бұлттардың қозғалысы** **Мақсаты:** Бұлттардың қозғалуын бақылау, олардың ауа райымен байланысын түсіндіру. **Еңбек: Аула тазалау** **Мақсаты:** Ортақ	**Бақылау: Жердің жағдайы (ылғал, құрғақ)** **Мақсаты:** Жердің күйін (ылғал, құрғақ) ажырата білуге, себеп-салдарын түсінуге үйрету. **Еңбек: Қоқыс жинау** **Мақсаты:** Қоршаған ортаны таза ұстауға,	**Бақылау: Күз белгілерін бақылау** **Мақсаты:** Күз мезгілінің негізгі белгілерін (суық, жел, жапырақ түсуі) жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету. **Еңбек: Аула**

	тапсырманысоңынадейін орындауғатәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Санау** **Мақсаты:** 1–5 дейінсанаудықайталау, заттардысанменсәйкестендірудағдысынбекіту. **Қимылды ойын:** «Тақия тастамақ» **Міндеттері:** Ұлттық ойын; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру **Шарты:**Балалар шеңбер бойына көздерін жұмып отырады,кімнің артына тақия тастаса сол бала сұраққа жауап береді. (Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы айтады, берілген сұрақтарға толық жауап береді). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Сөз құрау** **Мақсаты:** Берілген сөздерден қарапайым сөз тіркестері мен сөйлем құрауға үйрету. **Қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр» **Міндеттері:** Белгі бойынша тоқтап жүру және жүгіру. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, **Шарты:** тәрбиеші Күн дегенде балалар жүгіреді, билейді, жаңбыр дегенде қолшатырдың астына тығылады. (дене тәрбиесі, Сөйлеуді дамыту)	еңбекке қатысу арқылы ұжымдық жауапкершілікті қалыптастыру. **Жеке жұмыс: Түстерді ажырату** **Мақсаты:** Негізгі түстерді дұрыс ажырату және атау дағдысын жетілдіру. **Қимылды ойын:**«Ақ қоян»**Міндеттері:** Жүруді жүгірумен өзгерту, баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу **Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян-ау, ақ Орныңнан тұрсаңшы Шашыңды тарасаңшы Бетіңді жусаңшы Әй-әй көйлек кисеңші. Біреудің қолын үзсеңші-дегенде қоян	ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Сөйлем құрау** **Мақсаты:** Қарапайым және толық сөйлемдер құрастыруға дағдыландыру. **Қимылды ойын:** «Ұшақтар» **Міндеттері:** Жерде жатқан арқан бойымен тепе- теңдік сақтап жүру; Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту **Шарты:** балалар ұшақ секілді қолдарын созып жерде жатқан арқан бойымен тепе- теңдік сақтап жүреді. (дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту)	**жинау** **Мақсаты:** Еңбекке жауапкершілікпен қарауға және тазалықты сақтауға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Сұрақ-жауап** **Мақсаты:** Сұрақтарға толық әрі түсінікті жауап беруге үйрету, ойлау қабілетін дамыту. **Қимылды ойын:** «Допты қағып ал» **Міндеттері:** Алға жылжи секіру. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. **Шарты**:Балалар доппен ойнайды. Ойын: «Кім көп айтады» доп арқылы Шарты:Балалар шеңберде тұрып, допты ұстап алғанда жақсы тілектер сөздерді айту керек. (Дене тәрбиесі, қоршаған ортамен таныстыру,сөйлеуді дамыту)

			болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады (дене тәрбиесі, қазақ тілі)		
Серуенненоралу	Өзіне-өзіқызметкөрсетудағдылары: (белгілі реттілікпен шешінуге, киімніндегі олқылықтарды бауқауға баулу) **«Үнемді тұтыну»** - суды үнемді тұтынуды түсіндіру.				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну»** **«Үнемді тұтыну»:** балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Нан, сорпа, сусын. Көкөністер қияр, пияз, сәбіз. тамағыңды іш, ас болсын! **(Сөздік минимум)**				
Түскіұйқы	Ертегі «Үш аю»	Ертегі «Аю мен Маша»	Ертегі «Шалқан»	Ертегі «Үш торай»	Ертегі «Алтын жұмыртқа»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтырушаралары	Көз жаттығулары «Рига әдісі» үш мата бірінен кейін бірі жерге төселеді: алдымен «тұзды» төсеніш, екінші - таза суға суланған төсеніш, ең соңында құрғақ	Қол жаттығулары «Рига әдісі» «Денсаулық жолы" дегеніміз - матаға түйме, моншақ, жіңішке арқан, т.б. балалар үшін қауіпті емес көлемді заттар тігілген «төсенішті»	Аяқ жаттығулары «Рига әдісі» Ваннаға арналған «көгал» сияқты кілемшені пайдалану	Көз жаттығулары «Рига әдісі» үш мата бірінен кейін бірі жерге төселеді: алдымен «тұзды» төсеніш, екінші - таза суға суланған төсеніш, ең соңында	Қол жаттығулары «Рига әдісі» үш мата бірінен кейін бірі жерге төселеді: алдымен «тұзды» төсеніш, екінші - таза суға суланған төсеніш, ең

	«төсеніште» қолдану	қолдану		құрғақ төсенішпен жүріп өту	соңында құрғақ төсеніш үстінен жүріп өту.
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Ас болсын! Рақмет! **(Сөздік минимум)** **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну»**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	**Ертегі:** **«**Үшдос» **Міндеттері:** жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету (көркем әдебиет)	**Ертегі:** **«**Шұбар тауық» **Міндеттері:** шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. (көркем әдебиет)	**Ертегі:** **«** Бауырсақ» **Міндеттері** Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау,бөліктерді қысу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. (көркем әдебиет, мүсіндеу)	**Ертегі:** «Шалқан» **Міндеттері:** Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау , балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу (көркем,әдебиет, жапсыру)	**Ертегі:** «Бауырсақ» **Міндеттері:** Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау (көркем әдебиет)

Балалармен жеке жұмыс	**Дидар Мариям** мүсіндейтін заттардыкейде уақытша қызығушылық танытады,қызығушылығын жетілдіру.	**Емберген Төрехан** дәмі, сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратады жәнеішінара дұрыс атауды үйрету.	**Жармухамбет Әмір** тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып,ішінара атайды, ойнайды.Дұрыс атауды үйрету.	**Зейнулла Дінмухаммед** кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуге тырысады,мүсіндеуді жетілдіру.	**Камал Самир** тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып,ішінара атайды, ойнайды.Дұрыс атауды үйрету.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру.**				
Серуен	**Қимылды ойын: «Құстар жылы жаққа ұшады»** **Міндеті:** Қимыл үйлесімділігін дамыту табиғатты тану. **Шарты:** Балалар құстар сияқты қанат қағып жүгіреді. Тәрбиеші «суық жел соқты!» десе ұшып кетеді «жылы күн шықты!» десе қонады.	**Қимылды ойын: «Кішкентай балықтар»** **Міндеті:** Икемділік пен тепе-теңдікті сақтау. **Шарты:** Балалар «балық» рөлінде еденге жайылған шеңбер ішінде жүзіп жүреді. «Аңшыкелді!» десетығылады	**Қимылды ойын: «Күн мен ай»** **Міндеті:** Нұсқаудытың даукеңістіктебағдарлау. **Шарты:** Тәрбиеші «күншықты» десебалаларжүгіреді «ай туды» десетоқтайды.	**Қимылды ойын: «Көңілдікөжектер»** **Міндеті:** Секіруқозғалысынжетілдіру. **Шарты:** Балаларқоян болыпқосаяқтапсекіреді. «Қасқыркелді!» десетығылады.	**Қимылды ойын: «Тасбақаларжарысы»** **Міндеті:** Шыдамдылық пен баяуқозғалыстымеңгеру. **Шарты:** Балалартөрттағандаптасбақаболыпқозғалады. Кіммәрегебіріншіжетсежеңімпаз.

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	**Ойын:** **«**Тірі табиғатқа не жатады» **Міндеттері:** тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде,өз ойын толық айтуға үйрету **Шарты:** балалар суреттегі тірі табиғат заттарын тауып атайды (сөйлеуді дамыту)	**Ойын:** **«**Мен жақсы көретін жеміс» **Міндеттері:** қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер қолдану; ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу; жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. **Шарты**:әр бала өз жақсы көретін жемістерін мүсіндейді,жемістің дайын суретін жапсырады,үлгідегі жемісті негізгі түстерді қолданып бояйды. (сурет салу, мүсіндеу,жапсыру)	**Ойын:** «Менің қалам». **Міндеттері:** Балалар тұратын қала мен ауыл, туралы білімдерін қалыптастыру қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. **Шарты:** Балалар өздері тұратын қала айтады, қарапайым сюжеттік композициялар жасап сурет салады (қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу)	**Ойын:** «Салыстыр» **Міндеттері:** бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. **Шарты:** бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстырады. (матаматика негіздері)	**Ойын: «**Пішінді құрастыр.» **Міндеттері:** өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу **Шарты:**Балаларды ң алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішініндұрысажыр атулары керек. (құрастыру)
Балалардың үйге қайтуы	**«Өнегелі 15 минут»** Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	**«Өнегелі 15 минут»** Ата-аналарға баланың тамақтануы туралы сөйлесу	**«Өнегелі 15 минут»** Демалыс күндерін сәтті өтуіне тілек білдіру	**«Өнегелі 15 минут»** Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	**«Өнегелі 15 минут»** Демалыс күндерін сәтті өтуіне тілек білдіру

Тәрбиешілер: Бектасова К.
Ысқақ Г.
Әдіскер: _____ Атыгаева А.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: «Қошақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезені : 02.12-06.12.2024 ж1-апта
Желтоқсан айы – Бірлік және ынтымақ айы
Бірге әрекет ету, топпен жұмыс істеу
Достық, татулық туралы сөздік қорды байыту
Отанға деген алғашқы сүйіспеншілік қалыптастыру.

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 02.12.2024**	**Сейсенбі 03 .12.2024**	**Сәрсенбі 04.12.2024**	**Бейсенбі 05.12.2024**	**Жұма 06.12.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу, таңертеңгі фильтр. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгімелесу, жеке пікір білдіруге баулу. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Сәлеметсіз бе! Балалар **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын арттыру. **(Музыка)** «Көңілді таң» тілек айту арқылы қабылдау Музыка әуенімен балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу.	**Өнегелі 15-минут.** Ата-аналармен тәрбиеленушінің денсаулығы бойынша, үйдегі күн тәртібі туралы әңгімселесу, жыл мезгілдері бойынша балалар киіміне кеңес беру. «Апта дәйексөздері» тақтасымен таныстыру, балалармен әңгімелесуін ұсыну **(Бірлігі күшті ел озады)** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен әңгімелесу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша кеңес беру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Ата-аналарға арналған буклет-кенес: «Денсаулық бізге маңыздырақ» Баланың балабақшадағы мінез-құлқы мен болу ережелері Жеке гигиена дағды-ларын қалыптастыру туралы ата-аналармен әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	**Дидактикалық ойын:** «Қай мезгіл?»**Міндеттері:** Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы,	**Дидактикалық ойын** «Табиғат» **Міндеттері:** Тірі табиғат пен өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде өз ойын	**Дидактикалық ойын** «Ұлпа қар» **Міндеттері:** Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және	**Дидактикалық ойын:**«Артығын тап?» **Міндеттері:** Балалардың құрастыруға	**Дидактикалық ойын:** «Жыл мезгілдері» **Міндеттері:** Құммен,сумен,қармен ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз

кітаптарды қарау)	көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу; балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. **Шарты:** Табиғат бұрышындағы ауа райының белгілерін айтып беру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	айтуға үйрету; тірі және өлі табиғат нысандарын бақылаукезіндеөз ойын айтуға үйрету. **Шарты:** Себеттерді орналастырып түстерін атау,аралас жатқан,қиылғансуреттерді іріктеу арқылы себеттерге орналастыру: (сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру	күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру **Шарты:** Балалар қиылған қардың суреттерін қарастырып жапсырады. (қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру)	қызығушылығын арттыру; балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. **Шарты:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Суретбойыншаәңгіме құраудыұсыну. (құрастыру,сөйлеуді дамыту)	әрекет ету дағдыларынқалыптастыру;тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру. **Шарты**: Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшілік карточкасы бар,сәйкес келетін мезгілге қойып шығады. (қоршаған ортамен таныстыру,сурет салу)
Ертеңгілік жаттығу	1) «Балақай». Б.қ: аяқ алшақ, қол екі жанда. 1- қолды алдыға созу. 2- жоғары көтеру. 3- түсіру. 4- б,қ,к. (4-5 рет) 2) «Қолды желкеге жасыр». Б.қ: аяқ алшақ, қол екі жанда. 1- қолды белге қою. 2- қол желкеде. 3- б,қ,к. (4-5 рет) 3) «Отыру, тұру». Б.қ: н.т, қолды артқа ұстау. 1- отыру, қолды алға созу, жұдырық түю. 2-б,қ,к. (5-6 рет) 4) «Алақай». Б.қ: еденде тізерлеп отыру қол белде. 1- тізерлеп тұрып, қолды бастан жоғары көтеріп шапалақтау. 2- б,қ,к. (6-7 рет) 5) «Еденде». Б.қ: отыру, аяқ түзу, қолды артқа тіреу. 1- тізені бүгу. 2- түзелу.3- б,қ,к. (4-5 рет) 6) «Тізеңді құшақта». Б.қ: шалқадан жату, қол жанда. 1- тізені бүгу, аяқты құшақтау. 2- б,қ,к. (6-7 рет) 7) «Секіру». Б.қ: аяқ сәл алшақ, қолды бос ұстау. 1- қос аяқпен секіру. 2-б,қ,к. (7-8рет) 8 Дем басу жаттығулары.				
Таңғы жаттығу кешені	**«Менің Қазақстаным»** әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Мақсаты:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. **Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі»**				
Таңғы ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Бата беру: Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа!				

	Денсаулығың зор болсын, Дастарханың мол болсын!Әумин! **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну»**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеткедайындық	**1-ші апта дәйек сөзі!** «Дос көп болса – күш көп.»				
	Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады» **Міндеттері:** Ауа-райының жағдайын анықтау; балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. **Шарты:** Бала өз суреті бойынша әңгімелейді, ал әңгіме қай мезгіл туралы айтылғанын, бағыттаушы кімге көрсетсе сол жауап береді. Жауап дұрыс болған жағдайда ғана сурет балаларға көрсетіледі. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	**Дидактикалық ойын:** «Көлеңкесін тап!» **Міндеттері:** Ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту; Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу. **Шарты:** Балалардын алдында әр түрлі суреттер беріледі., Ол суреттердің өлі және тірі табиғатқа жататындығын ажыратып,көлеңкесін табады және мүсіндейді (сөйлеуді дамыту,мүсіндеу)	**Дидактикалық ойын:** «Қыс мезгілінің құбылыстары» **Міндеттері:** Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге үйрету. **Шарты**: Тақтада қыс мезгілі бейнеленген үлкен сурет. Үстел үстінде үлестірмелі белгілердің суреттері. Балалар кезектесіп тақтаға белгілер арасынан қыста жиі қолданатын белгіні алып үлкен суретке орналастырады. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	**Дидактикалық ойын:** «Сиқырлы сандық» **Міндеттері:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту; Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу. **Шарты:** Ұл мен қыздың үлкен суретіне ұшақ, машина, ат, поезд, қуыршақ, үйшік, ыдыс, тарақтын суреттерін атап, ажыратып үлкен суретке орналастырады. (сөйлеуді дамыту,мүсіндеу)	**Дидактикалық ойын:** «Болады, болмайды» **Міндеттері:** Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту; сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. **Шарты:** Балалар «ойнауға болады» деген ойыншықтар және «ойнауға болмайды» деген заттарды бір-бірінен ажыратып, екі топқа бөледі. (жасыл түсті – «дұрыс» таңбасына – «болады»; қызыл түсті – «бұрыс» таңбасына – «болмайды») (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жеке жоспары бойынша)	**Қазақ тілі** **Дидактикалық ойын:** «Сөз қос» **Міндеттері:** Балалардың	**Музыка** (Музыка нұсқаушысының жоспары бойынша)		**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жеке жоспары бойынша)

		ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. **Шарты:** балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады.Тәрбиеші сөз айтады,балалар сөзге сөз қосып,сөйлем құрайды.	**Дене тәрбиесі** (Дене тәрбиесі нұсқаушысының жеке жоспары бойынша)		
	Дидактикалық ойын: «Кім зерделі?» **Міндеттері:** Заттарды салыстыру сурет салу кезінде қарындашты, қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру **Шарты:** Суретте берілген жолақшаларды салыстырып бояйды және жапсырады. (математика негіздері,жапсыру, сурет салу)	**Дидактикалық ойын**:«Жасыл шырша» **Міндеттері:** тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, (қызыл, сары, жасыл) негізгі түстер қолдану. ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету. **Шарты:**Дайыншырша суретіндегі ойыншықтарды бояйды,ермексаздан мүсіндейді. (сурет салу,мүсіндеу)	**Дидактикалық ойын**: «Топтастыр» **Міндеттері:** сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту; дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу; берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау,содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру **Шарты:**Муляж бойынша тірі және өлі табиғат нысандарын топтастырып айтады,сурет салып жапсырады. (сөйлеуді дамыту, сурет салу, жапсыру)	**Дидактикалық ойын:** «Сиқырлы табиғат әлемі» **Міндеттері:** Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру, Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру; Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. **Шарты:**Балалар тақтада ілінген суреттердің ішінен артық суретті көрсетіп,алып тастайды,сол суреттерден таңдап суретін салады және жапсырады **(**қоршаған ортамен	**Дидактикалық ойын**:«Не артық!» **Міндеттері:** Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру; Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. **Шарты:**Тәрбиеші мен балалар суреттен артық өлі табиғат суретін көрсетіп,соның ішінде тірі табиғат суретін салып жапсырады (сурет салу,жапсыру)

				таныстыру, жапсыру, сурет салу)	
2-ші таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу ас болсын! Рахмет! (**Сөздік минимум)**				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотор**иканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	**Бақылау:Бақылау: Қысқыауарайы** **Мақсаты:**Балалардық ысмезгілініңбелгілері мен (суық, аяз, қар) таныстыру, ауарайынажыратабілу геүйрету. **Еңбек: Қардықүреу** **Мақсаты:**Қарапайым еңбекәрекеттерінорын дауға, бірлесіпжұмысжасауғ	**Бақылау: Қарды бақылау** **Мақсаты:** Қардың түсі, құрылымы туралы түсінік беру, қолмен ұстап сезінуге үйрету. **Еңбек: Жол ашу (қарды тазалау)** **Мақсаты:** Ұжымдық еңбекке қатысуға, жауапкершілікке тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: 1–5 дейін**	**Бақылау: Аязды бақылау** **Мақсаты:** Аяздың әсерін (суық, мұздың пайда болуы) түсіндіру. **Еңбек: Қарды бір жерге жинау** **Мақсаты:** Еңбекке қызығушылықтарын арттыру. **Жеке жұмыс: Түстерді қайталау**	**Бақылау: Ағаштарды бақылау (қар басқан)** **Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі ағаштардың күйін бақылау, өзгерістерді салыстыру. **Еңбек: Аула тазалау** **Мақсаты:** Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:**	**Бақылау: Мұзды бақылау** **Мақсаты:** Мұздың қасиеттерін (қатты, суық, тайғақ) түсіндіру. **Еңбек: Тайғақ жерге құм себу** **Мақсаты:** Қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. **Жеке жұмыс: Сұрақ-жауап** **Мақсаты:** Ойлау және

	атәрбиелеу. **Жеке жұмыс: «Қыс» сөзінқолдану** **Мақсаты:**Қыстуралы сөздердідұрысайтуғажәнесөйлемдеқолдануғаүйрету. **Қимылдыойын: «Қояндар»** **Міндеттері:** Бірінің артынан бірі сапқа тұру; Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. **Шарты:**Екі топтан бір-бірден ойыншылар шығып, қоянша секіре отырып межеге жетеді **Ұлттық ойын:**.«Орамал тастамақ» (дене тәрбиесі, қоршаған ортамен таныстыру)	**санау** **Мақсаты:** Санау дағдыларын бекіту. **Қимылды ойын:** «Күн мен түн» **Міндеттері:** Шеңбердегі өз орындарын табу; Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. **Шарты:**Балаларды шеңберге тұрғызып күннің бетпердесін бір балаға кигізеді.Күннің бетпердесін киген бала күндіз не істейтінін айтады. (Күн шыққанда киінеміз.Балабақшаға келеміз, ойнаймыз,ән айтамыз,билейміз) Тірбиеші: Жарайсыңдар, балалар. Балалар түн болды не істейміз? Балалар: Ұйықтаймыз. Қимылмен көрсетеді. (дене тәрбиесі,сөйлеуді дамыту.)	**Мақсаты:** Түстерді ажырату және есте сақтау. **Қимылды ойын: «Тығылмақ»** **Міндеттері:** Ырғақтық жаттығуларды орындау.«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. **Шарты:**Тәрбиеші санамақ арқылы жүргізуші сайлап алады. Жүргізуші тәрбиешінің қасында немесе белгіленген жерде көзін жұмып тұрады, ал басқа балалар тығылады. Жүргізуші: « 1-2-3-4, іздеуге шықтым». Тауып алған баланың атын атайды. Осылай 3-4 баланы тапқан соң басқа баланы сайлайды. (дене тәрбиесі, математика негіздері)	**Сөйлем құрау** **Мақсаты:** Қарапайым сөйлемдер құрастыруға үйрету. **Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынады»** **Міндеттері:** Ырғақтық жаттығуларды орындау; Балаларды тақпақтарды жатқа айтуға үйрету. **Шарты:**Балалар шеңбер жасап тұрады. Қоян болған бала ортаға шығады. Балалар: Қоян, қоян тұршы, Беті, қолды жушы Айнаға қарашы Шашыңды тарашы Енді бізді қушы. Қоян қимылмен көрсете отырып жасап, тұрады. Енді бізді қушы дегенде, балаларды қуа жөнеледі. Ойын 4-5 ретқайталанады. . (дене тәрбиесі, көркем әдебиет)	сөйлеу қабілетін дамыту. **Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық»** **Міндеттері:** Шеңбердегі өз орындарын табу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау. **Шарты:** Бұл ойынға топ балалары бәрі тегіс қатыса алады,балаларды дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен тышқан мен мысық сайланады.Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. (дене тәрбиесі, қоршаған ортамен таныстыру)
Серуенненоралу	Өзіне-өзіқызметкөрсетудағдылары: (белгілі реттілікпен шешінуге, киіміндегі олқылықтарды байқауға баулу)Өзшкафтарынтанудағдысынқалыптастыру. Топтакиетінаяққиімдерінөзбетіншеауыстырып, киюінүйрету. **(дербесқимыләрекеті).**				
Түскіас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»				

	Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну»** Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. **«Үнемді тұтыну»:** балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** Ауыздарыңды жауып шайнаңдар, әбден шайнап жеңдер, майлықпен сүртіңдер, төкпей-шашпай ішіңдер Нан, сусын, сорпа, дәмді, ащы, тұз, тәтті, ет, балық, тамағыңды іш, ас болсын! Көгөністер көгөніс, сәбіз, қияр, қызанақ. **(Сөздік минимум)**				
Күндізгі ұйқы	Ертегі: «Бауырсақ»	Ертегі: «Шалқан»	Бесік жыры музыкамен (Қарақат Әбділдинова)	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.	Ертегі: «Үш аю»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	**Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ мотористаны дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	**Саусақ театры :** «Қолғап»ертегісі **Міндеттері:** жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. **Шарты:** Саусақ театрымен ертегі айту,текшелердегі ертегіні құрастыру (көркем әдебиет,құрастыру)	**Конструктормен ойын** **Міндеттері:** Өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. **Шарты:** Конструктордан өзіне ұнайтын ғимарат құрылысын жасау керек. (құрастыру)	**Ойын:** «Үйшік» ертегісі **Міндеттері:** жаңа ертегілерді тыңдай білуге үйрету; Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. **Шарты:** Өздері құрастырған құрылыс түрінен үйшік жасап, ертегі кейіпкерлерін ойнату. (көркем әдебиет,құрастыру)	**Ертегі:** «Үш аю» **Міндеттері:**жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету, (көркем әдебиет)	**Ертегі:** «Бауырсақ» **Міндеттері:**жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету; **Шарты:** Ертегі кейіпкерлерін суреттерден ажыратып айтып беру. Өздеріне ұнаған ертегі кейіпкерлерін мүсіндеу. (көркем әдебиет, мүсіндеу,құрастыру)

Балалармен жеке жұмыс	**Кенжебек Айша** мүсіндейтін заттардызерттеуге талпынбайды.Талпын ысын жетілдіру.	**Рашид Сұңғат** түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша ішінара салыстыруын жетілдіру.	**Қанайбек Қасым** өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтуға талпынысын дамыту.	**Айдос Алдияр** Қаламдыдұрыс ұстай алмайды, сызықтарды жүргізуде қиналады, қаламды дұрыс ұстап сызуды үйрету.	**Амантай Алан** өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенінқуанады, айта алмайды.Суретті сипаттауды жетілдіру
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну»**				
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**. Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру**				
Серуен	Ұлттық ойын: «**Тақия тастамақ»** **Мақсаты:** Балалардың зейінін, шапшаңдығын дамыту. **Шарты:** Балалар көзін жұмып отырады, жүргізуші тақияны бір баланың артына қояды. Тақия түскен бала оны байқап, жүргізушіні қуып жетуі керек. (дене тәрбиесі)	Ұлттық ойын: **«Ақ серек – көк серек»** **Мақсаты:** Балалардың күшін,ептілігін арттыру. **Шарты:** Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрып, өлеңмен шақырады. Шақырылған бала жүгіріп келіп, қарсы топтың қол тізбегін үзуі керек. (дене тәрбиесі)	Ұлттық ойын: **«Соқыр теке»** **Мақсаты:** Балалардың есту, сезіну қабілетін дамыту. **Шарты:** Жүргізушінің көзі байланады. Ол дауысы арқылы балаларды ұстап алуы тиіс. (дене тәрбиесі)	Ұлттық ойын **«Хан талапай** (жеңілдетілген)» **Мақсаты:** Балалардың ойлау және жылдам әрекет ету қабілетін дамыту. **Шарты:** Асықтар ортаға шашылады. Тәрбиеші айтқан түске сәйкес асықты балалар тез жинайды. (дене тәрбиесі)	Ұлттық ойын: **«Қуыр-қуыр, қуырмаш»** **Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасын және тіл дамуын жетілдіру. **Шарты:** Тәрбиеші өлең жолдарын айта отырып, баланың саусақтарымен қимыл жасайды. (дене тәрбиесі)

Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: (белгілі реттілікпен киінуге, киіміндегі олқылықтарды байқауға баулу) Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өленлер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын:** «Жылдам ойла!» **Міндеттері:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту; Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу. **Шарты:** Тәрбиеші балаларға кез келген суретті ұсынады, бала қолында ненің суретін ұстап тұрады соны сипаттап айтып беру керек , ал қалған балалар не нәрсені сипаттап айтып тұрғанын табу керек. (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)	**Дидактикалық ойын:** «Ажырат» **Міндеттері:** Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру;қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отыруға үйрету. **Шарты:** Бөліктерден кілемше жасау. (математика негіздері, жапсыру)	**Дидактикалық ойын**:«Ойлан тап» **Міндеттері:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту; Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу. **Шарты:** Ұл мен қыздың үлкен суретіне ұшақ, машина, ат, поезд, қуыршақ, үйшік, ыдыс, тарақтың суреттерін атап, ажыратып үлкен суретке орналастырады. (сөйлеуді дамыту,мүсіндеу)	**Дидактикалық ойын»** «Бір және көп» **Міндеттері:** Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша салыстыру; Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу **Шарты:**Екі қатарға заттар қойылады, сипаттамасы бойынша ұқсас затты табу ұсынылады. (математика негіздері,мүсіндеу)	**Дидактикалық ойын**:«Қыс мезгіліне не керек?» **Міндеттері:** Ауа-райының жағдайын анықтау. **Шарты:**Бала үстел үстіндегі жыл мезгілдерінің үлкен суретіне әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін ажыратып орналыстырады. (қоршаған ортамен таныстыру)
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі 15 минут** Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	**Өнегелі 15 минут** Ата-аналарға баланың тамақтануы туралы сөйлесу	**Өнегелі 15 минут**Балалардыңжет істіктері туралыәңгімелесу	**Өнегелі 15 минут**Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	**Өнегелі 15 минут** Демалыс күндерін сәтті өтуіне тілек білдіру

Тәрбиешілер: Бектасова К.
Ысқақ Г.
Әдіскер: _____ Атыгаева А.Т.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №8 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Топ: «Қошақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезені :09.12-13.12. 2024 ж. 2-апта
Желтоқсан айы – Бірлік және ынтымақ айы
Өз ортасын тану (дос, отбасы, топ)
Бір-біріне көмектесу
Бірлік пен татулықтың маңызын түсіндіру

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 09.12.2024**	**Сейсенбі 10.12.2024**	**Сәрсенбі 11.12.2024**	**Бейсенбі 12.12.2024**	**Жұма 13.11.2024**
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы аламыз, таңертеңгі фильтр жүргіземіз. Балалар бүгінгі күнін қызықты етіп өткізуіне жағдай жасаймыз. Қызықтыра білеміз. «Қалайсың?», «Көңіл күйің қалай?» сұрақтары арқылы эмоционалдық байланыс орнату **(Сөздік минимум)** **Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу , шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын арттыру. **(Музыка)** Балаларды жақсы көңіл күймен қабылдау.Таңертеңгі жаттығуды орындау арқылы қабылдау «Көңілді іздер»арқылы қабылдау Көңілді жаттығу видео арқылы қабылдау Бір біріне деген жылы лебіздерін білдіру арқылы қабылдау. **Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды кеңес,әңгімелесу,	**Өнегелі 15-минут.** Ата-аналармен тәрбиеленушінің денсаулығы бойынша, үйдегі күн тәртібі туралы әңгімелесу, жыл мезгілдері бойынша балалар киіміне кеңес беру. «Апта дәйексөздері» тақтасымен таныстыру, балалармен әңгімелесуін ұсыну «**Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»** Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналар-мен әңгімелесу. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша кеңес беру. **Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру** Ата-аналарға арналған буклет-кеңес:«Менің Отаным» Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы ескерту; Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз	**Дидактикалық ойын:** «Жалпы атауын ата»	**Дидактикалық ойын:** « Сенде не бар?»	**Дидактикалық ойын:«** «Тәулік бөліктері»	**Дидактикалық ойын:**	**Дидактикалық ойын** «Ғажайып қоржын»

